

**Астана қаласы әкімдігінің «Әлихан Бөкейхан атындағы
№76 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК-ның
2022-2023 оқу жылындағы тәрбие бөлімінің жұмысы бойынша талдауы**

ҚР Оқу-ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хатында көрсетілген нормативтік құжаттарға сәйкес жасалды.

2022-2023 оқу жылдарында тәрбие бөлімі 8 бағыт бойынша жұмыс жүргізіп келді. Мектебіміз Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейханның есімінде болғандықтан тәрбиенің сегіз бағытымен қоса «Әлихан әлемі» бағыты арқылы оқушылардың Әлиханды тереңірек тануына жағдай жасалды. Құндылықтарға бағытталған білім беру жобасы тәрбиенің әр бағыттағы іс-шараларында оқушылардың бойына ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға, үйлесімді дамуы мен жаңа Қазақстан құруға қажетті дағдыларды сіңіруге негіз болды. Оқу жылы барысында тәрбие бөлімінде барлығы 150 іс-шара атқарылды:

№	Тәрбие бағыты	Іс-шара саны	Оқушылардың қамтылуы, %
1	«Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие».	51	60
2	«Рухани-адамгершілік тәрбие».	19	41
3	Ұлттық тәрбие.	9	61
4	Отбасылық тәрбие.	9	25
5	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.	20	25
6	Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	9	13
7	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	14	23
8	Дене тәрбиесі салауатты өмір салты.	14	17
	Әлихан әлемі	5	74

Тәрбиенің 1-бағыты Мақсаты: психо-эмоционалдық жайлы ортада оқушылардың бір-біріне, айналасына құрмет таныта отырып, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұру әлеуетін қалыптастыру, балалар арасында белен алған зорлық-зомбылықтың көрінісі ретінде булингке, кибербулингке сауатты тойтарыс беруге үйрету арқылы құқықтық сауаты қалыптасқан, міндеттері мен жауапкершілігін сезінетін ұлтжанды азаматтарды тәрбиелеу. 2022-2023 оқу жылында 51 іс-шара жылдың басынан жоспарланып, әр іс-шара оқушылардың бойына құндылық дарытуға бағытталды. Бірінші бағыт бойынша ұйымдастырылған сынып сағаттары да ұлттық құндылықтарға

негізделіп жасалды, онда мектебіміздің 60% білім алушысы қамтылды. Осы бағыт бойынша жылдағыдан ерек болған ауқымды іс-шаралар:

Іс-шаралар атауы	Қамтылған бала саны
1 қыркүйек Білім күніне арналған тәрбие сағаты: «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет»	2344
5-қыркүйек Қазақстан халықтары Тілдерінің күні	2344
25 қазан Республика күніне флешмоб	322
«Елін сүйген ерлер жолы – өнеге» тақырыбында патриоттық кездесу	220
«Жайна Қазақстан!» тақырыбында би (5-9 сыныптар) және ән (1-4 сыныптар) шеруі	2300
«Тәуелсіздік –тарихтың төл тартуы» кеші	400
Мектеп парламенті. Жас қыран, Жас ұлан және Жас сарбазға қабылдау	850
«Ауған жерінде от кешкендер» Ауған ардагерлерімен кездесу	250
«Салт-дәстүрім сан ғасырлық саф мұрам» наурызға мерекелік концерт	2340
«Батырлар ерлігіне тағзым» 7-9 мамыр – мерекелеріне арналған іс-шаралар	453
Зорлық-зомбылықтың түрлері және оның алдын алу	2340
Бала қауіпсіздігі: «Жолда жүру ережелері» (1-7 сынып) және «Қоғамдық орындардағы тәртіп» (8-11 сынып)	2340
Парасаттылық сабақтары / «Біз әділ ұрпақпыз!» (сурет көрмесі)	2340
Esil Talks «Сана парасаттылығы-адал ұрпақ»	300
«Адалдықты мұрат еткен Ұлы Абай» диктант/ «Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам-жарқын болашақ кепілі» эссе	2340
«Ақ жол саған, жас түлек!» атты мектеп бітіру салтанатты жиыны 9, 11 сыныптар	382
Бірінші бағыт бойынша оқушылардың қамтылуы	60%

Инклюзивті мәдениет қалыптастырудың толық қанды құқықтық нормативтерге сай жүзеге асуын қамтамасыз ету үшін ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға түрлі конкурстар мен сайыстарға қатысуға жағдай жасалды. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларымыз бәйгеден оза шауып жүлделі болды: Хусайын Абубакир («Я могу» қалалық байқауынан 1-орын және «Қауіпсіздік әліппесі» фестиваль-байқауынан Мадақтама), Сердіғали Нұртілек («Я могу» қалалық байқауынан 3-орын), Абдрахиева Жанерке (сурет көрмесінде 3-орын).

Тәрбиенің 2 – бағыты «Рухани-адамгершілік тәрбие».


Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жаңғырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; рухани-адамгершілік тәрбие беру.

Құндылықтарға бағытталған білім беру жобасы аясында оқу жылының басында мектепке қатысты барлық тараптардан сауалнама алынып, мектебіміздің құндылықтары айқындалды.

Жалпыға ортақ құндылықтардан тоғыз құндылықты таңдаңыз

[Копировать](#)

319 ответов



Респонденттер арасында ең көп кездескен құндылықтардың тоғызы іріктеліп, мазмұнына қарай тоғыз оқу айына бекітілді:

№	Ай атауы	Құндылық атауы
1	қыркүйек	Құрмет
2	қазан	Ұлтжандылық
3	қараша	Жауапкершілік
4	желтоқсан	Тазалық
5	қаңтар	Мейірімділік
6	ақпан	Әдептілік
7	наурыз	Салт-дәстүр
8	сәуір	Адалдық
9	мамыр	Ынтымақтастық

Тәрбие жоспарының әрбір іс-шарасы осы құндылықтарды және жалпы адамазаттық құндылықтарды: адами бейне, адамгершілік сана-сезім; ар-ұят, намыс, парыз, сенім, жолдастық, табандылық, қайырымдылық, келісім, өзге халықтардың мәдениетін, салт-дәстүрін және тілін құрметтеу және дәріптеу; этикалық нормаларды мектепке қатысты тараптарға барынша ұғындырып сіңіру мақсатын көздеді. Сондай-ақ бұл құндылықтар мектептің миссиясын және даму пайымдауын жүзеге асыруда маңызды тетік болды.

Құндылықтарға бағытталған білім берумен қатар "Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт" Республикалық жобасы және оқушының мәдени нормативі «Ұлағатты ұрпақ» жобалары бойынша жұмыстар жасалды. Оқуға құштар мектеп жобасы аясында ата-ана, оқушы, мұғалім үштік одақ белсене жұмыс атқарды. Оның дәлелі 5-11 сынып арасында өткізілген «REDx» форматында "Мен оқыған бір кітап...", «Біз оқыған бір кітап...» іс-шарасы, «Күзгі вернисаж» бастауыш сынып оқушыларының оқыған ертегілерінің желісімен өз қолдарынан өнер туындыларын және фотоколлаждар жасау арқылы оқушылар бір-бірлеріне ұтымды түрде кітап оқуға ұсыныстар жасап, өзінің өмірін өгерткен кітап туралы ақпаратпен бөлісті. Отбасы күні аясында «Мейірбандық – адамның барлық адамгершілігіне түрткі болатын негіз» тақырыбында 5-8 сынып ата-аналарымен тренинг өтті. Құндылыққа негізделген білім беру жүйесінің маңызды тұстарының бірі - мектеп пен ата-ананың балаға бірге тәрбие беруі. Бұл бағыт бойынша 19 іс-шара жоспарланып, өткізілді. Осы бағыт бойынша жоспарланған іс-шаралардың ішінде елеулілері төменде көрсетілген, оған оқушылардың 99% қамтылды.

Іс-шаралар атауы	Қамтылған бала саны
«Қарттарын қадірлеген ел ардақты»	450
«Ұстазыма мың алғыс» бейне құттықтау, ашық хаттар челенджі	250
«Оқуға құштар мектеп», «Мен оқыған бір кітап...», «Біз оқыған бір кітап...» READx	900
«Қыз бала- ұлттың ұяты, халықтың шырайы» қолөнер жобаларының сайысы.	33
«Қайырымдылық жәрмеңкесі»	2000
1 наурыз - Алғыс айту күні	850
«Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы бойынша жұмыс	2300
Екінші бағыт бойынша оқушылардың қамтылуы	41%

Тәрбиенің 3-бағыты ұлттық тәрбие.

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау, құндылықтар жүйесін қалыптастыру, қазақ тілін білу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік атрибуттары тану және құрметтеу.

Ұлттық тәрбие бағыты бойынша 9 іс-шара жоспарланып, өз деңгейінде өткізілді. Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеудің бағыты мұражайлар. Мектебімізде «Әлихан мұражайы» болғандықтан, әр оқушыны мектептің мұражайына Әлихан Бөкейханның өмірімен таныстыруға экскурсия ұйымдастырылды. Сондай-ақ ұлттық спорттық ойын «Асық ату» бойынша турнирлер өткізіледі. Мектептің ұлттық аспаптарда ойнайтын жас өнерпаздарының және ата-әжелеріміздің, ата-аналарымыздың күшімен бірнеше концерттер, кештер қойылып, оқушыларымызды ұлттық құндылықтарды дарыту жұмысы жоғары деңгейде жүрді. «Салт-дәстүрім сан ғасырлық саф мұрам» атты іс-шаралардың басты мақсаты. оқушыларды отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, инабаттылыққа, имандылыққа, халқымыздың салт-дәстүрін, тілін, дінін

кастерлей білуге тәрбиелеу. Тәуелсіздіктің нышаны рәміздерімізді дәріптеу іс-шаралары мен сынып сағаттарына мектебіміздің 61% оқушысы қамтылды.

Іс-шаралар атауы	Қамтылған бала саны
Сынып сағаттар: 1. «Тәуелсіз Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері» (1-4 сынып) 2. «Мемлекеттің дамуындағы рәміздердің маңызы» (5-8 сынып) 3. Мемлекеттік рәміздер – мемлекеттің, біздің егемендегіміздің негізі» (9-11 сынып)	2344
«Әлихан мұражайы» (мектепшілік мұражайға саяхат ұйымдастыру)	2344
«Салт-дәстүрім сан ғасырлық саф мұрам» (ата-аналарға концерт+ Наурыз мерекесі)	2340
Домбырашылар челленджі	50
«Асық ату», Жанақбай Тілегенұлын еске алу турнирі	100
Үшінші бағыт бойынша оқушылардың қамтылуы	61%

Тәрбиенің 4-бағыты отбасылық тәрбие.

Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру. Мектеп оқушыларына отбасылық құндылықтар тұлғаның толық қанды қалыптасуында маңызды фактор екенін түсіндіру жұмыстары ата-аналармен бірлескен психологиялық тренингтер, аналардың шебер сағаттары, әкелердің үлгі-өнегесіг ата-әжелердің немерелерімен бірлесе концерттік бағдарламаларда белсенділік танытуы - мектептің ішкі атмосферасына қауіпсіздік, сенім, үміт, шартсыз махаббат сезімдерін жүректерге ұялатқаны сөзсіз. Кез келген іс-шараларда ата-аналардың ат салысуы оқушыларға ерекше әсер беріп отырды. Сол сәттерде оқушылардың үлкендерге деген құрметтерінің белгілері айқын көрінді. Бұл бағыт бойынша 9 іс-шара жоспарланып, өз деңгейінде өткізілді.

Іс-шаралар атауы	Қамтылған бала саны
Отбасы күніне арналған сынып сағаттар: 1. «Бәрі де отбасынан басталады»(1-4 сынып) 2. «Үйде құт болса, қазына керек емес»(5-7 сынып) 3.«Отбасының басты құндылықтары»(8-11 сынып)	2344
Үлкендерге құрмет сағаты: «Қарттарым-асыл қазынам», «Менің отбасылық құндылықтарым» бейнематериал	300
«Әліппеге мың алғыс!» 1 сыныптардың әліппемен қоштасуы	230
«Қарттарын қадірлеген ел ардақты» (қарттар үйіне концерттік бағдарлама)	30

Ұлтжандылық айында «Ұлттық тағам» анасы мен баласының шебер сағаттары	30
Төртінші бағыт бойынша оқушылардың қамтылуы	25%

Мектептегі отбасылық тәрбие бағыты аясында ата-аналарға арналған «Ашық есік» күндері мен тақырыптық ата-аналар жиналыстары ұйымдастырылды. Жалпы ата-аналар жиналыстарына құқық органдарынан, медиациялық орталықтан, қамқоршылық кеңес мүшелерінен және жетістікке жеткен, өз тәжірибесімен бөлісуге асыққан азаматтардың қатарынан кісілер шақырылып отырды. Осы бағыт бойынша оқушылардың 25%-ы қамтылды. Сонымен қатар «Мерейлі отбасы-2023» ұлттық байқауынан мектеп атынан қатысқан Шайдаров Ерболат пен Дәнебек Күлпанның отбасы 3-орын иегерлері атанды.

Тәрбиенің 5-бағыты еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Мақсаты: еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; экологиялық сана-сезім; экомәдениет құндылығы, туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыру бойынша «Жасыл мекен», «Менің атаулы гүлім», «ЭкоАсар», «Көк майса» жобалары жұмыс жасады. Осы бағыт бойынша 20 іс-шара ұйымдастырылып өз деңгейінде өтті. Бұл бағыт бойынша мектебіміздің ата-аналары да белсене жұмыс жасады. Осы бағытта ұйымдастырылған әр іс-шараға ата-анамен бірге өткізілді. Яғни ата-ана, ұстаз, мұғалім үштік одағы керемет жұмысын көрсете білді. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша оқушылардың 100%-ы қамтылды.

Іс-шаралар атауы	Қамтылған бала саны
9-11 сынып білім алушыларына сауалнама, кәсіби диагностика жүргізу	430
«ҰБТ-ға байланысты психологиялық көмек»	180
«Бүгінгі оқушы-ертеңгі маман» студенттермен кездесу кеші	250
«Іскерлік қарым-қатынас этикасы»	320
«Мектепті көркейтеміз – қаламызды көркейтеміз» еңбек десанты	60
«Жасыл мекен» челлендж, «Тоғыз айдағы тоғыз жақсылық» челлендж	230
Сынып сағаттары: 1. «Табиғатпен достасқым келеді» (1-4 сынып) 2. «Табиғатты бірге сақтайық!» (5-7 сынып) 3. «Мыңдаған ғаламшардан Жерден кереметі жоқ!» (8-10 сынып)	2340
«Отбасылық ағаш егу» және «Менің атаулы гүлім» науқандары	700
«ЭкоАсар»және «Көк майса» жобалары	800
Бесінші бағыт бойынша оқушылардың қамтылуы	25%

Тәрбиенің 6-бағыты интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Мақсаты: оқушылардың интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру және этикалық нормаларды сақтауды үйрету. Бұл бағытта оқушылардың шығармашылық жұмыс жасауына барынша жағдай жасалды. Жағымды психо-эмоционалдық ортаның орнауына байланысты оқушылардың ерікті түрде мектеп өміріне біршама жаңалықтар енгізуде белсенділік танытты. Оған мысал ретінде оқушылардың келесі жобаларды ерікті түрде жүргізуі: «76 болашақ» элеуметтік желі арқылы да, мектептің қабырға газеті арқылы да ақпараттандыру жұмысы мен қызықты әрі пайдалы контенттерді түсіру жұмысы жүйеге қойылды. Бұл бағыт бойынша 9-іс-шара жоспарланып өз деңгейінде өткізілді.

Іс-шаралар атауы	Қамтылған бала саны
Мектеп парламенті, «Жас қыран», «Жас ұлан», «Жас Сарбаз»	500
«76 болашақ»	25
«Менің бойымдағы көшбасшылық» (эссе жазу)	390
«Әлихан мұрагерлері» (дебаттық ойын)	50
«Әлихан әлемі» зияткерлік турнир	70
Жұлдыздар шеруі 1-11 сыныптар	800
Алтыншы бағыт бойынша оқушылардың қамтылуы	13%

Тәрбиенің 7-бағыты көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру. Мектебіміздің «Әлихан мұрагерлері» дебат клубының спикерлері Есіл ауданы бойынша үздіктер қатарынан танылып, бірқатар сайыстардан жеңімпаз атанды. Қалалық дебат турнирі де біздің мектепте өтті. Құндылықтарға бағытталған білім беру жобасы аясында мектебімізде «Жанында жүр жақсы адам» науқаны өтті. Мақсаты: Оқушыларға сабақ беріп жүрген, сонымен қатар мектепке қызмет жасап жүрген жандардың өмірінің басқа қырларын да ашу және еңбектеріне деген құрметті күшейтіп бағалауға үйрету. Оқу жылының аяғында 11-сынып оқушылары ата-аналарына «Ризамын саған, қос қанатым, байтерегім!» атты алғыс айту концертін ұйымдастырды. Мектебіміздің «Тұлпар» би тобы «Шаттық-2023» байқауынан АЛТЫН иегері атанды, сондай-ақ Қарағанды

қаласында өткен халықаралық би байқауында ГРАН-ПРИ жеңімпаздары болды. Метепте мұғалімдер мен оқушылардың коллаборациясынан да біршама жаңа туындылар көрермендерге жол тартты. Оқушыларымыз сонымен қатар көптеген конкурстар мен байқаулардан жүлделі орындарға ие болды. Жалпы бұл бағыт бойынша 14 іс-шара жоспарланып, жоғары деңгейде өткізілді.

Іс-шаралар атауы	Қамтылған бала саны
«Әлихан мұрагерлері» пікірсайыс клубы	50
«Ұстазым, менің ұстазым...» ұстаздар күні	100
Сынып сағаттары: 1. «Толеранттық – мейірімділік әлемі» (1-4 сынып) 2. «Толеранттық – үйлесімді өзара қарым-қатынас негізі» (5-8 сынып) 3. «Толеранттық – демократиялық қоғам шарты» (9-11 сынып)	2344
«Келдің міне, Жаңа жыл»	800
«Екі жұлдыз» ұстаз бен шәкірт коллаборациясы	250
Шаттық-2023 байқауы	14
Ата-аналарға алғыс концерті	181
Жетінші бағыт бойынша оқушылардың қамтылуы	23%

Шаттық – 2023 қалалық байқауында 3 жанр бойынша қатысып төмендегідей нәтижеге қол жеткіздік:

Алтын – «Қара жорға» биімін «Тұлпар» би тобы, көркемдік жетекшісі С.Б. Койсоймасов

Мадақтама - “Фотосурет және 3D модельдеу” жанры бойынша Қонысбек Мейіржан марапатталды, жетекшісі Г.К.Кулшыманова
https://www.instagram.com/p/CrL6rm1LqOE/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

Халықаралық DANCE BOOM 2023 байқауында «Тұлпар» мен «Айша бибі» би топтары қос Бас жүлдеге ие болды, көркемдік жетекшісі С.Б. Койсоймасов
https://www.instagram.com/p/CwNYu3sMIA9/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

Халықаралық «Арайлы Астана» өнер фестивалінде «Әдемі-ай» тобы Бас жүлдені, «Жас Орда» тобы 1- орынды қанжығаларына байлады. Көркемдік жетекшісі Р.Т.Асан
https://www.instagram.com/p/CpK1Hz2I4bh/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

Халықаралық «Ертеңіме сенемін» атты фестивалде «Алақай» тобы аспапта ойнау жанрымен 2-орынды, Асылбек Ерасыл 1-орынды, Абильдин Альтаир мен Жасұлан Ернар Бас жүлдені иеленді, көркемдік жетекшісі Р.Т.Асан
https://www.instagram.com/p/CwNZ0Tmsrj/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==
https://www.instagram.com/p/CwNa5Zrsgo2/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

Қалалық «Жас сарбаз-патриоттар мекені» атты сайыста өнер көрсетіп, мектебіміздің фольклорлық ансамблі жүлделі 2-орынды иеленді, көркемдік жетекшісі Ж.Б. Тағыбаев

https://www.instagram.com/p/CpzbtfM1jA/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

«Әлихан мұрагерлері» дебат клубының 2022-2023 оқу жылындағы жетістіктері:

Жылдық жоспар бойынша «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында «Әлихан мұрагерлері» пікір сайыс клубының ішкі турнирінде: 1-орынды Нурманова Фатима мен Нурадинова Диана, 2-орынды Мұхтар Шұғыла мен Амандық Айзере, 3-орынды Меирымханқызы Аружан мен Иманғали Сания иеленді

https://www.instagram.com/p/Clyphz4MpWj/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MjAxZDBhZDhINA==

Астана қаласы бойынша Мектеп лигаларының көшбасшыларын анықтау мақсатында «JasDebater» пікір сайыс турнирі өтіп, 10-сынып оқушымыз, мектеп парламентінің президенті Әшірбек Алуа жүлделі 1-орынға ие болды

https://www.instagram.com/p/Cj5cY9LyGS/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MjAxZDBhZDhINA==

«Әлихан мұрагерлері» пікір сайыс клубының ұйымдастыруымен «Сана парасаттылығы-адал ұрпақ» атты қалалық Esil Talks жобасы өтті. Бұл жобаға мектеп оқушыларын қоса алғанда бес білім ордасынан 20 тарта спикер мен 100-ден аса қатысушы куә болды.

https://www.instagram.com/reel/CmBN884oULx/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MjAxZDBhZDhINA==

«Әлихан мұрагерлері» пікір сайыс клубының спикері Нурманова Фатима «ЛОГОС» шешендік өнер байқауына қатысып жүлделі 2-орынды иеленді.

https://www.instagram.com/p/CpROF06ouj/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицей қабырғасында Ұлттық пікір сайыс турниріне Есіл ауданы бойынша оқушылар арасында қазақ лигасы мен орыс лигасында іріктеу өтті. Нәтижесінде «Әлихан мұрагерлері» пікір сайыс клубының спикерлері Исмагулова Жансая мен Әзірбек Еркеназ 2-орынды иеленді.

https://www.instagram.com/p/Cnr1qFnLu64/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

«Әлихан мұрагерлері» пікір сайыс клубының спикерлері Нурманова Фатима мен Әзірбек Еркеназ қалалық «Алаштың айбыны – Бауыржан» атты турниріне қатысты. Турнирге 32 мектептің кіл жүйріктері қатысып, солардың ішінен оқушыларымыз «Ең үздік спикер» номинациясын жеңіп алды.

Тәрбиенің 8-бағыты дене тәрбиесі салауатты өмір салты.

Мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру. Бұл бағыт бойынша 14 іс-шара жоспарланып өз деңгейінде өткізілді. Ата-аналардың қатысуымен спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. «Менің әкем-менің қаһарманым» жерден тартылудан 1-11 сынып арасындағы әкелердің арасында жарыс өткізілді. Жарыстың шартына сай әр параллельдің жеңімпаз әкелері марапатталып, әлеуметтік желіге жарияланды. Сондай-ақ мектептің әкелерінің волейбол командасы қалалық волейбол жарысынан жүлделі 1-орынды иеленді. Мектептің әкелері өздерінің мектеп өміріндегі белсенділіктерімен өз балаларына ғана емес, өзге оқушыларға да үлгі бола білді. Мектептің мұғалімдері де қалалық спорттық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болу арқылы оқушыларға үлгі болды.

Іс-шаралар атауы	Қамтылған бала саны
Сынып сағаттары: 1. «Денсаулық пойызымен саяхат» (1-4 сынып) 2. «Дені сау ұлт – дені сау мемлекет» (5-8 сыныптар) 3. «Біз ЖҚТБ-ға, нашақорлыққа, маскүнемдікке қарсымыз, біз салауатты өмір салты үшін» (9-11 сынып)	2344
«Әкем, анам және мен» 1-2 сыныптарда отбасылық эстафета	70
«Біз темекіге қарсымыз»	200
1 желтоқсан – Дүниежүзілік АҚТҚ және ЖҚТБ-ға қарсы күрес күні	220
«Ерте жүктіліктің алдын алу» (дәріс)	100
Асық ату, тоғыз құмалақ, қазақ күресі мектеп спорт лигаларын ұйымдастыру	100
Қалалық «Былғары доп» жарысына қатысу	40
Қалалық баскетбол, волейбол бойынша (ұлдар, қыздар) мектепаралық лига	40
Сегізінші бағыт бойынша оқушылардың қамтылуы	17%

Мектептегі дене тәрбиесі салауатты өмір салты бағыты бойынша әр түрлі форматтағы іс-шаралар арқылы оқушыларымыз белсене қатысты, жалпы қамтылуы 17%-ы құрады.

«Әлихан әлемі» бағыты

Мақсаты: Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханның өмірі мен шығармашылық қызметі арқылы жас ұрпақтың бойына рухани, ұлттық құндылықтарды қалыптастыру. Осы оқу жылында Әлихан әлемін тануда көптеген елеулі іс-шаралар өткізілді. «Әлихан Бөкейхан және рухани серпін» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылып,

оған көптеген Алаштанушылар, ғалымдар, мұғалімдер мен оқушылар белсенді қатысты. Сонымен қатар Әлихан Бөкейханның 157-жылдығына мектептегі әдісбірлестіктердің пән ерекшеліктеріне қарай онкүндік өткізілді. Бұл іс-шараларға мектептің барлық оқушылары қатысты. Әлихан мұражайы да бұл іс-шаралардың жоғары деңгейде өтуіне себепші болды.

Іс-шаралар атауы	Қамтылған бала саны
«Әлихан Бөкейхан мұражайына» саяхат жасауды ұйымдастыру	2344
«Әлихан Бөкейхан және рухани серпін» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция	500
Әлихан Бөкейханның 157-жылдығына арналған іс-шаралар	2344
«Әлихан әлемі» бағыт бойынша оқушылардың қамтылуы	74%

SWOT талдау

Күшті	Әлсіз
<p>Оқушы үні, мектеп ұжымына сенімі; Құндылықтарға бағытталған білім беру жобасы; Дара сынып жобасы; Оқуға құштар мектеп; 76 мектептің 76 кітабы; «Әлихан мұрагерлері» пікір сайыс клубы; Мектеп парламенті; Оқушылардың еріктілігі, қолдау тобы; Адал ұрпақ; Құқық бұзушылықтың төмендігі; Үйірмелердің тиімділігі; Менің атаулы гүлім, отбасылық ағаш егу; Ата-аналардың мектеп өмірінде, жарыстарда белсенділігі; Оқушылардың спортқа қызығушылығы мен жетістіктері Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға өзін көрсетуге жағдай жасау; «Әлихан әлемі» бағыты арқылы Әлиханды терең тану, Алашордалықтарды білу және зерттеу; Жетістіктерге жеткен адамдармен сүйелі кездесулер;</p>	<p>«Вақытты мектеп» жобасының іске толық қосылмауы; Эко сананың әлсіздігі; Оқушылар арасында вейб қолданудың белең алуы (мектеп маңайындағы ашық түрде сауда жүргізуі); Сынып ішінде құндылықтарды дәріптеудің әлсіздігі; Әр сыныптың белсенділігін бақылау және бағалау жүйесін құрудағы психологиялық қолдаудың, мониторингтің өз деңгейінде толық орындалмауы; Құндылықтарды дарыту әдістерінің тиімділігін зерттеудің методологиясының жеткіліксіздігі; Жоспардан тыс іс-шаралардың кірігіп кетуі; Ата-аналардың жұмысбастылығы себебінен мектеп пен ата-ана арасындағы байланыстың аздығы; Оқушылар арасындағы тәлімгерлік жұмыстардың әлсіздігі; Ұлттық құндылықтар негізінде ұлттық идеологияны дамытудың әлсіздігі; Оқушылардың әлеуметтік желідегі ақпаратты сүзгілеу дағдыларының төмендігі; Оқушыларға артылған жауапкершіліктің толық түсіндірілмеуі және қадағалау аздығы; «Ұлағатты ұрпақ» жобасы аясындағы</p>

	жұмыстың жеткіліксіздігі;
Мүмкіндік	Қауіп
Мектеп-баланың психо-эмоционалдық күйінің жағымды және жайлы ортасы; Еріктілік-оқушылардың шығармашылығын шыңдау тандауы; Әлеуметтік желіні құндылық дарыту құралы ету; Көшбасшылықты дамытудың тиімді әдістерін зерттеу; Ана, әке, ата, әже мектептері арқылы толық емес отбасындағы балаларға қамқорлықты сезіндіру	Ата-аналардың мәдениет деңгейі; Ата-аналардың бала тәрбиесіне немқұрайдылығы; Булинг, кибербулинг; Вейбшоптардың саудасы; Әлеуметтік желідегі теріс ағымдар мен денсаулыққа зиян келтіретін трендтер; Қиындыққа тап болғанда, бейтаныс адамдарға алдану; Іс-шаралардың көптігі шашыраңқы жұмыс пен жүйесіздікке алып келуі

Жасалған **SWOT талдауды** негізге ала отырып, келесі 2023-2024 оқу жылында мектептің тәрбие жұмысының күшті жақтарының тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, әлсіз тұстарды жетілдіруге жұмыс жасау керек. Сонымен қатар, мүмкіндіктер мен қауіптерді ескере отырып, жылдық жоспарда көптеген іс-шараларды жүйелеп, өзара үйлесімін қамтамасыз ету, яғни бір іс-шара арқылы бірнеше тәрбие бағытының орындалуын алға қою және негізге алынған құндылықтарды оқушылардың болашақ өмірінде қандай көрініс табатының жан-жақты ұғындыру.